

**"Сот-сараптамалық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 242 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 196 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 маусымда № 13798 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 546 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 09.04.2018 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Сот-сараптамалық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 242 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11188 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған), келесі өзгеріс енгізілсін:

"Сот-сараптама қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына 2-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сараптама қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми түрде жариялауға жіберуді ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат

орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

Б. Имашев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2016 жыл

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Бишімбаев

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2016 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ә. Исекешев

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2016 жыл

2016 жылғы 28 сәуірдегі № 196

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
бұйрығына қосымша  
"Сот-сараптама қызметімен  
айналысу үшін лицензия беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына 2-қосымша

НЫСАН

**Қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары туралы  
ақпаратты қамтитын мәліметтер түрі**

Жеке сәйкестендіру нөмері \_\_\_\_\_

— Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Мынадай нормативтік құқықтық актілер бойынша біліктілік емтихандарын тапсырғанын растайтын біліктілік куәлігінің болуы: Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, "Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын

№	Тегі, аты, әкесінің № аты (бар болса)	Куәлік/куәлікке қосымшаның нөмірі	Куәлік/куәлікке қосымша берілген күні	Сот сараптамасы бойынша мамандығы (куәлік/куәлікке қосымша)